

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 195 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 146 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 28 сәуірде тіркелді. Тіркеу нөмірі 1483. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің м.а. 2009 жылғы 6 тамыздағы N 331 Бұйрығымен.

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің м.а. 2009.08.06 N 331 бұйрығымен.*

**Б ұ й ы р а м ы н :**

"Мемлекеттік мекемелерде кассалық операциялар жүргізудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Осы бұйрықпен бекітілген мемлекеттік мекемелерде кассалық операциялар жүргізудің ережесіне:

2 - т а р м а қ т а :

2 а б з а ц т а :

"133 "Ағымдағы шаруашылық мақсаттар үшін заттар мен материалдар сатып алу", 147 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалану", 151 "Жабдықтар мен құрал-саймандарды ұстау және ағымдағы жөндеу" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

"Тауарлар сатып алу мен қызмет көрсетулерге жұмсалатын өзге де шығыстар " ерекшелігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өзге тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алу";

"Өзге тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алу" деген сөздерден кейін " 146 "Ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа негізгі құралдарды ұстау, қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу" деген сөздермен толықтырылсын;

оныншы абзацта "Жұмсақ мүкәммал және киім-кешектер сатып алу" деген сөздер "Мүліктік зат нәрселер мен басқа пішіндік және арнайы киім-кешектер сатып алу, тігу және жөндеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"146 "Ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа да негізгі құралдарды ұстау, қызмет көрсету ағымдағы жөндеу" ерекшелігі бойынша "

Ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа негізгі құралдарды ұстаумен, қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын штаттан тыс жеке тұлғалардың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар бойынша";

149 "Өзге де қызметтер" ерекшелігі бойынша штаттан тыс қызметкерлердің, оның ішінде еңбек шарттары бойынша жүргізушілердің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар бойынша, сондай-ақ штаттан тыс қызметкерлер мен еңбек шарттары бойынша жүргізушілердің іссапар шығыстары бойынша";

он үшінші абзацта "(босатылған сайлау комиссиясы мүшелерінің еңбегіне ақы төлеуге, партиялық тізімдер бойынша сайлауға түсіп отырған талапкерлерді қоспағанда, Президенттікке, Парламент депутаттығына, сондай-ақ мәслихатқа депутаттыққа талапкерлердің жалақысын өтеуге, еңбек келісімдерінің негізінде штаттан тыс қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге іссапар шығыстарына, кеңсе және шаруашылық тауарларын, жанар-жағармай материалдарын сатып алуға) арналған" деген сөздер "(кандидаттардың сайлау алдындағы көпшілік іс-шараларын жүргізуге және кандидаттардың үгіт материалдарын шығаруға, көлік шығыстарына (көлік жалдау, жанар-жағармай материалдары), партиялық тізімдер бойынша сайлауға түсіп отырған талапкерлерді қоспағанда, Президенттікке, Парламент депутаттығына, сондай-ақ мәслихатқа депутаттыққа талапкерлердің жалақысын өтеуге арналған)" деген сөздермен ауыстырылсын;

он төртінші абзац алынып тасталсын;

он бесінші абзацта :

"отбасыларының" деген сөздерден кейін ", спортшылардың және спорттық іс-шараларға қатысушылардың тамақтануына ақы төлеуге арналған шығыстар бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

"143 "Көлік қызметіне ақы төлеу" ерекшелігі бойынша ұйымдастырудан тыс қоныс аударудың Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген квота шотына Қазақстан Республикасына қоныс аударған репатрианттардың (оралмандардың) отбасыларына көліктік шығыстарын (жүріп өтуі және мүлікті алып жүруі) өтеуге арналған" деген сөздер алынып тасталсын;

он сегізінші абзацта "органмен келісу" деген сөздерден кейін "және Қазынашылықтың аумақтық органына осындай шығыстардың жүзеге асырылуын растайтын тиісті құжаттарды (өтініш, қажеттілік есептемесі және басқалар) ұсыну" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бюджеттік шотқа есепке алу үшін ағымдағы қаржы жылында өткізілмеген мемлекеттік мекеменің кассасындағы қолма-қол бюджет ақшаларының қалдықтары 201232 "Республикалық бюджеттен бұрын алынған пайдаланылмаған қаражаттарды қайтару" және 201233 "Бұрын жергілікті бюджеттен алынған пайдаланылмаған қаражаттарды қайтару" кірістердің

бюджеттік сыныптамасының кодтары бойынша тиісті бюджетке кейіннен аударыла отырып, міндетті тәртіппен келесі қаржы жылында қайтарылады"; 9-тармақта: "операциялық бөлімінің" деген сөздер алынып тасталсын; 4 абзацта "133, 147, 151" деген сандар алынып тасталсын және "146" деген санмен толықтырылсын; 12-тармақтың бірінші абзацында "бухгалтер" деген сөз "кассир" деген сөзбен ауыстырылсын. 2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді. Министр Мамандар:           Икебаева           Ә.Ж.           Жұманазарова           А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК